

«Заманауи дінтану мәселелері» пәні бойынша магистранттың өзіндік жұмысының тапсырмалары

МӨЖ 1. «Дінді анықтау мәселелері» тақырыбы бойынша пікірталастар.

Аналитикалық конспект.

МӨЖ 2. Таңдалған тақырыптардың біріне баяндама / презентация

дайындаңыз:

- Дінтанудағы діндер класификациясы: талдау жасау.

- Интернет және дін

- Діни материалдардың аудио-визуалды көздері. Ауызша қорғау

МӨЖ 3. Секуляризация процесі оның қайшылығы мен салдары. Сараптама.

Магистранттың өзіндік жұмысын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар

МӨЖ – оқытушының тапсырмасы бойынша аудиториядан тыс уақытта (аудиторияда) орындалатын магистранттың жоспарланған оқу, оқу-зерттеу, ғылыми-зерттеу жұмыстары. Өзіндік жұмыс оқу сабактарының бір түрін құрайды. Сондықтан шығармашылық іс-әрекеттің бір түрі ретінде өзіндік жұмыстың рөлі сапалық оқу үрдісін көтеру жолында өте жоғары болып табылады.

МӨЖ мақсаты – болашақ мамандық бойынша іргелі білімді, кәсіби шеберлікті және дағдыларды, шығармашылық, зерттеу тәжірибесін игеру, дербестікті, жауапкершілікті және ұйымшылдықты, оқу және кәсіби деңгейдегі мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарасты дамыту.

МӨЖ міндеттері:

- магистранттың алған теориялық білімдері мен практикалық іскерліктерін жүйелеу және бекіту;

- теориялық дайындықты терендешту және кеңейту;

- нормативтік, құқықтық, анықтамалық құжаттарды және арнағы әдебиеттерді қолдана білуді қалыптастыру;

- магистранттың танымдық қабілеттері мен белсенділігін дамыту: шығармашылық, дербестік, жауапкершілік және ұйымдастырушылық;

- ойлау дербестігін, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру;

- зерттеу дағдыларын дамыту;

- тәжірибелік сабактарда, курстық және бітіру біліктілік жұмыстарын жазу кезінде, қорытынды сынақтар мен емтихандарға тиімді дайындалу үшін өзіндік сабактар барысында жиналған және алынған материалдарды қолдану.

МӨЖ-ден күтілетін нәтижелер:

- болашақ маманның білімін меңгеру, кәсіби біліктерін, дағдылары мен құзыреттіліктерін қалыптастыру;

- теориялық материалды практикалық жолмен бекіту;

- өзін-өзі дамытуда тәрбиенің де қажеттілігі;

- тұлғаның танымдық және шығармашылық қабілеттерін барынша дамыту;
- ғылыми-зерттеу жұмысына ынталандыру және білім беру процесінің сапасын және қарқындылығын арттыру;
- таңдаған мамандығына қызығушылықты қалыптастыру және оның ерекшеліктерін менгеру;
- өз ұстанымын, теориясын, моделін қалыптастыру үшін, кез-келген жағдайға анализ жасау және дұрыс шешім қабылдау үшін алған білімі мен тәжірибелік дағдыларды қолдану.

МӨЖ әр оқу пәні бойынша МӨЖ кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Тапсырмалары оқу жоспары бойынша анықталады.

МӨЖ деңгейлері, формалары және түрлері

МӨЖ-ді негізгі және қосымша деп екіге бөлуге болады. *Nегізгі* МӨЖ оқу жоспарының барлық пәндері үшін магистранттың ағымдағы аудиториялық сабактарға дайындығын қамтамасыз етеді. Бұл дайындықтың нәтижелері магистранттың сабактардағы белсенділігінде және орындалған бақылау жұмыстары, тест тапсырмаларында, жасалған баяндамаларында және т.б. көрінеді.

Негізгі МӨЖ-дің формалары:

- дәріс материалдарын терең қарастыру;
- дәрістер мен әдебиеттерді конспектілеу;
- тақырыпқа байланысты әдебиеттер мен электронды ақпарат көздерін іздеу (таңдау) және шолу;
- практикалық сабактарда берілетін үй тапсырмасын орындау;
- өз бетінше материалды зерттеу;
- практикалық сабактарға дайындық;
- бақылау жұмысына дайындық;
- сынаққа, аттестацияға дайындық;
- тақырыпқа байланысты реферат (эссе) жазу.

Қосымша МӨЖ магистранттың білімін терендету және бекітуге, оқу пәнінің мәселелері бойынша аналитикалық дағдыларды дамытуға бағытталған. Оған жататындар:

- емтиханға дайындық;
- курстық жұмысты немесе жобаны орындау;
- зерттеу жұмысымен айналысу және ғылыми конференцияларға, семинарларға және олимпиадаларға қатысу;
- оқытушымен алдын ала анықталған тақырып бойынша ғылыми жарияланымды (мақала) талдау;
- берілген тақырып бойынша статистикалық және нақты материалдарды талдау, есептерді жүргізу, статистикалық материалдар негізінде схемалар мен модельдерді құру және т. б.

Магистранттың өзіндік жұмысының әдіс-тәсілдері

Ғылыми әдебиеттермен жұмыс

Кітаппен жұмыс істеу кезінде әдебиетті таңдаپ, оны дұрыс оқып, жазба жүргізуді үйрену қажет. Кітапханада әдебиеттерді таңдау үшін алфавиттік және жүйелі каталогтар қолданылады. Кітаппен жұмыс істеудің тиімді дағдылары уақытты үнемдеуге және өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретінін есте сактау керек.

Қандай оқулықтарды таңдау керектігін дәріскер ұсынады. Қажетті әдебиеттер осы курс бойынша әдістемелік нұсқауларда да көрсетілуі мүмкін.

Оқулықтармен және кітаптармен өз бетінше жұмыс істеу (сонымен қатар дәрістерде көтерілген мәселелерді өз бетінше теориялық зерттеу) – танымның ғылыми тәсілін қалыптастырудың маңызды шарты.

Әдебиеттермен жұмыс істеу тәсілдері:

- танысу керек әдебиеттердің тізімін құру және ол туралы оқытушымен ақылдасу;
- тізім жүйеленген болуы қажет (қайсысы семинарға, қайсысы емтиханға, қайсысы курстық, дипломдық жұмыстарға т.б. қажет екендігін анықтап алу);
- қандай кітаптарды мұқият оқып, ал қандай кітаптарды тек қарап шығу керек екенін анықтау керек;
- оқыған кітаптардағы маңызды ақпараттарды конспектілеу т.б.

Реферат жазу

Бұл докторанттың өзіндік жұмысының басқа түрлеріне қарағанда көлемді, аудиториялық сабактарда оқылатын негізгі тақырыпты толықтыратын және дамытатын ақпаратты қамтитын жұмыс болып табылады.

"Реферат" сөзі (латын тілінен – referre – баяндау, хабарлау) ақпаратты сыни шолу негізінде қандай да бір мәселенің немесе тақырыптың мазмұнын ауызша немесе жазбаша түрде қысқаша баяндауды білдіреді. Рефератты дайындау барысында мына ережелер басшылыққа алынуы тиіс:

- реферат идеясы мен міндеттін анықтау;
- тақырыпты немесе мәселені анық және нақты тұжырымдау. Ол тым жалпылама болмауы керек;
- таңдалған тақырып бойынша қажетті әдебиеттерді табу. Міндетті түрде оқылуы тиіс әдебиеттер тізімін құру;
- рефератты кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі деп бөлімдерге бөлу қажет.

Рефераттарды жазудың мақсаты: докторанттың әдебиетпен өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, оларды талдау және сараптай алуы.

Конспект жазу

Конспектілеу ақпараттарға қысқаша шолу жасау бойынша докторанттың аудиториядан тыс орындағының өзіндік жұмысының түрі болып табылады. Конспект дереккөздің деректемелерін (автордың аты-жөні, жұмыстың толық атауы, шығарылған орны мен жылы) көрсетумен басталуы тиіс. Жұмыс жазбаша түрде орындалады. магистранттың міндеттері:

- конспект жазатын материалды оқып шығу;
- негізгі керекті жерлерін жазып алу;
- кілттік сөздер мен ұғымдарды түртіп алу;
- мәтіннің қысқаша мазмұнын дұрыс жаза білу және т.б.

Эссе жазу

Эссенің тақырыбы пәнді оқыту саласының заманауи мәселелерін қозғаушы, өзекті тақырып болуы тиіс. Магистрант мәселенің мәнін ашып, өзге көзқарастарды көрсетіп қана қоймай, оған өз көзқарасын да білдіруі керек. Жұмыстың бұл түрі студенттен өз ойын жазбаша түрде, сондай-ақ логикалық пайымдаулар арқылы анық білдіруді, өз көзқарасын анық білдіруді талап етеді.

Магистранттың міндеттері:

- тапсырманы мұқият оқып, тақырыптың өзектілігін ғана емес, мазмұны бойынша ерекше және қызықты жақтарын көрсету;
- тақырып бойынша ақпарат көздерін таңдау және зерттеу;
- негізгі және қосымша әдебиеттерді бөлу;
- эссенің жоспарын құру;
- мәселенің мазмұнын және оны шешу жолдарын қысқа, бірақ толық ашу;
- эссені белгіленген уақытта тапсыру.

Аннотация жазу

Бұл кітаптың, мақаланың, қолжазбаның қысқаша сипаттамасын жазу бойынша докторанттың аудиториядан тыс орындалатын өзіндік жұмысының түрі. Онда сол кітаптың негізгі мазмұны баяндалады, кітаптың оқырмандардың қай тобына арналғаны туралы мәліметтер беріледі. Аннотация бойынша жұмыс бір тақырыптағы бірқатар дереккөздерге, сонымен қатар әдебиетке шолу жасауга көмектеседі. магистрант автор қозғаған негізгі ойларды, мәселелерді, оның қорытындыларын, ұсыныстарын атап, мәтіннің маңыздылығын анықтау керек. магистранттың міндеттері:

- ақпаратты мұқият зерттеу;
- аннотация жоспарын құру;
- аннотацияланатын ақпараттың негізгі мазмұнын қысқаша көрсету;
- аннотацияны белгіленген мерзімде тапсыру.